- ✓ Дарынды оқушыларды психологиялық тұрғыдан қолдау үшін тұрақты психологиялық тренингтер мен кеңестер жүргізу қажет;
- ✓ Ата-аналармен серіктестік байланысты күшейтіп, оларды оқу-тәрбие үрдісіне белсенді тарту керек;
- ✓ Жергілікті ЖОО-мен және ғылыми орталықтармен байланыс орнатып, оқушылардың әлеуетін кәсіби бағытта дамыту мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

«Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Щучинск қаласының №9 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі ЖББМ ресурстық орталығы жайлы

Оқу жылы	8-сынып оқушылары	9-сынып оқушылары
2022-2023	12	15
2023-2024	15	24
2024-2025	14	24

Оқу жылы	Ресурстық орталық мұғалімдері	Педагог-шебер	Педагог - зерттеуші	Педагог - сарапшы	Педагог - модератор	Педагог
----------	-------------------------------	---------------	---------------------	-------------------	---------------------	---------

2022-2023	16	0	4	6	5	1
2023-2024	16	0	4	6	5	1
2024-2025	16	0	4	7	4	1

Оқу процесін ұйымдастыру туралы

Сабақ кестесі келесі тәртіппен жасалды. Сабақ кестесін құруда жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша практикалық сабақтар жүргізу назарға алынды. Кесте бойынша барлық сабақтар толығымен қамтылып, өткізілді. Сабақ кестесін құруда инвариант компоненттегі негізгі пәндерді алғашқы сабақтарда өткізуге назар аударылды. Кесте бойынша 8- сыныптарда 65 сабақ, 9-сыныптарда 68 сабақ өткізу толықтай орындалды

Магнитті мектептер:

1. Обалы ауылының НОМ – 7 оқушы
Оқу үлгерімі : 100%
8 сынып-2 оқушы: қанағаттанарлық
9 сынып-5 оқушы: 4 – екпінді, 1-қанағаттанарлық-80%
2. Кіндікқарағай НОМ-4 оқушы
Оқу үлгерімі : 100%
8 сынып-2 оқушы: 1-екпінді, 1-қанағаттанарлық-50%
9 сынып-2 оқушы: 2 – екпінді – 100%
3. Ұрымқай НОМ-14 оқушы
Оқу үлгерімі : 100%
8 сынып- 6 оқушы: 2 – екпінді, 4-қанағаттанарлық-33,3%
9 сынып-2 оқушы: 1-озат, 2-екпінді, 5-қанағаттанарлық – 37,5%
4. Қарабұлақ НОМ-5 оқушы
Оқу үлгерімі : 100%
8 сынып-2 оқушы: 1-озат, 1-қанағаттанарлық-50%
9 сынып-3 оқушы: 1 – екпінді, , 3-қанағаттанарлық – 33,3%
5. Жасыл НОМ-9 оқушы
Оқу үлгерімі : 100%
8 сынып-3 оқушы: 1-озат, 1 – екпінді, 1-қанағаттанарлық-67%
9 сынып-6 оқушы: 4-озат, 2 – екпінді – 67%

Сессия кезінде өткізілген сабақтар туралы мәлімет:

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Қуандық Ж.Т.(еңбек өтілі –33 жыл 11 ай, педагог-зерттеуші) жүргізді.

Сыныпта дәстүрлі емес сабақтар ұйымдастырылды, сабақ барысына мұғалім «Блум таксономиясы», «Сын тұрғысынан ойлау» т.б. стратегиялары мен белсенді әдіс-тәсілдері қолданылды. Көрнекі құралдар ретінде слайдтар мен видео-сабақтар арқылы өткізілді. *Мысалы: Оқушылардың алған білімдерін бекіту және саралау мақсатында бақылау жұмысы алынды.*

Өткен жылғы 8-сынып бойынша қазақ тілі пәнінен білім сапасы өткен оқу жылының қорытындысы бойынша: 50%;

Биылғы оқу жылындағы 9-сыныптың қазақ тілінен кіріс кесіндісі бойынша: 50%;

Шығыс кесіндісі бойынша: 52 %. Осы сессиядағы білім сапасы 2% өсті.

Өткен жылғы 8-сынып бойынша қазақ әдебиеті пәнінен білім сапасы қорытындысы бойынша: 55%;

Биылғы оқу жылындағы 9-сыныптың қазақ әдебиетінен кіріс кесіндісі бойынша: 54 %;

Шығыс кесіндісі бойынша: 56 %.

Нәтижесінде білім сапасы 1 % өсті.

Қазақстан тарихы пәнінен 8,9-сыныпта педагог-зерттеуші Тультаева Л.И. жүргізді. Сыныпта дәстүрлі емес сабақтар ұйымдастырылды, сабақ барысына мұғалім «Деңгейлеп-саралап оқыту», «Сын тұрғысынан ойлау» және «Проблемалық оқыту» технологияларының стратегиялары мен әдіс-тәсілдері қолданылды. Көрнекі құралдар ретінде слайдтар мен видео-сабақтар көрсетіліп, дидактикалық тапсырмалар берілді .

Нәтижесінде:

Өткен жылғы 8-сынып бойынша Қазақстан тарихы пәнінен білім қорытындысы бойынша: 52%;

Биылғы оқу жылындағы 9-сыныптың кіріс кесіндісі бойынша: 55%;

Шығыс кесіндісі бойынша: 62 %. Осы сессиядағы білім сапасы 7% өсті.

Өткен жылғы 8-сынып бойынша Дүниежүзі тарихы пәнінен білім қорытындысы бойынша: 55%;

Биылғы оқу жылындағы 9-сыныптың кіріс кесіндісі бойынша: 55%;

Шығыс кесіндісі бойынша: 62 %. Осы сессиядағы білім сапасы 7% өсті.

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен, Алимова Аягөз Сайлаубековна (еңбек өтілі – 32 жыл, педагог-сарапшы) жүргізді.

Сыныпта дәстүрлі емес сабақтар ұйымдастырылды, сабақ барысына мұғалім «Блум таксономиясы», «Сын тұрғысынан ойлау» т.б. стратегиялары мен белсенді әдіс-тәсілдері қолданылды. Көрнекі құралдар ретінде слайдтар мен видео-сабақтар арқылы өткізілді.

Оқушылардың алған білімдерін бекіту және саралау мақсатында бақылау жұмысы алынды.

Нәтижесінде:

Өткен жылғы 8-сынып бойынша Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен білім қорытындысы бойынша: 49%;

Биылғы оқу жылындағы 9-сыныптың кіріс кесіндісі бойынша: 48%;

Шығыс кесіндісі бойынша: 51 %. Осы сессиядағы білім сапасы 3% өсті.

Ағылшын тілі пәнін 9 сыныпта Жолтабарова Асель Даулетханқызы (еңбек өтілі – 9 жыл, педагог-сарапшы) жүргізді. Сыныпта 6 сабақ өтті. Сыныпта дәстүрлі емес сабақтар ұйымдастырылды, сабақ барысында мұғалім жас ерекшеліктеріне сай «Сын тұрғысынан ойлау» және «Блум таксономиясы» технологияларының негізінде құрылған әдіс-тәсілдерді тиімді қолданды. Көрнекі құралдар ретінде презентациялар, видеолар, аудио жазбалар жіберілді. АКТ-ның белгілі бір бағдарламалары бойынша оқушылардың жеке жұмысы жасалды.

Сабақ барысында «Құрылысшы ойыны», «Қораптағы сұрақ», «Серпілген сауал», «Температура өлшеу», «SVOT», «Сұраққа жылдам жауап», «Мұғалімге хат жазу», «Эссе жазу», «Сұхбат алу», «Қалың және жұқа сұрақтар», «Логикалық тізбекті ажырату», «Шырша немесе фишбоун», «Стикердегі диалог» балаларды зерттеушілікке бағыттайтын тапсырмаларды тиімді жолдармен орындатты.

Сабақтарда электрондық ресурстар тиімді пайдаланылды: электрондық оқулықтар, қосымша аудио және бейне материалдар. Сабақтағы жұмыстың қорытындысы оқушылардың шығу тестілеуінің нәтижесі болды. Оқушылар оқу материалын меңгерді. Оқушылар функционалдық сауаттылықты дамытудың және алған білімдерін өмірде қолданудың маңыздылығын түсінеді.

Нәтижесінде: *Өткен жылғы 8-сынып бойынша ағылшын тілі пәнінен білім қорытындысы бойынша: 45%;*

Биылғы оқу жылындағы 9-сыныптың кіріс кесіндісі бойынша: 30%;

Шығыс кесіндісі бойынша: 35 %. Осы сессиядағы білім сапасы 5% өсті.

Биология пәнін 9-сыныпта Абдрахманова Айман Амантаевна (педагог зерттеуші) жүргізді. Сыныпта 5 сабақ өтті: оның ішінде теориялық -1, практикалық -1.

Сыныпта дәстүрлі емес сабақтар ұйымдастырылды, сабақ барысында «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау ұжымдық талқылау жүргізілді. «Блум таксономиясы» бойынша оқулықта берілген синтез айдарындағы тапсырманы жұптасып орындады, «Бір ауыз сөз» әдісі арқылы жеке жұмыс жүргізілді. «Сын тұрғысынан ойлау» т.б. стратегиялары мен белсенді әдіс-тәсілдері қолданылды. Көрнекі құралдар ретінде слайдтар мен видео-сабақтар арқылы өткізілді.

Нәтижесінде: *Өткен жылғы 8-сынып бойынша биология пәнінен білім қорытындысы бойынша: 60%;*

Биылғы оқу жылындағы 9-сыныптың кіріс кесіндісі бойынша: 50%;

Шығыс кесіндісі бойынша: 60 %. Осы сессиядағы білім сапасы 10% өсті.

Химия пәнін 9-сыныптарға Казакенова Айтолхын (педагог-сарапшы) жүргізді. Сабаққа 9-сыныпқа екі тақырып өтілді. Сабақ өту барсында «Қар кесегі», «серпілген

сауалдар» т.б тиімді әдіс тәсілдерді қолдан , сонымен қатар АКТ де пайдалана отырып сабақ өткізілді оқушылар белсене қатысты, сабақ жоғары деңгейде өтілді .

Нәтижесінде: *Өткен жылғы 8-сынып бойынша химия пәнінен білім қорытындысы бойынша: 58%;*

Биылғы оқу жылындағы 9-сыныптың кіріс кесіндісі бойынша: 50%;

Шығыс кесіндісі бойынша: 60 %. Осы сессиядағы білім сапасы 10% өсті.

География пәнін 9 -сыныптарда педагог-модератор Рахимжанова Ұ.А. сабақ жүргізді. Сыныпта ұйымдасқан сабақта келесідей міндеттер қойылды:

1. Теориялық білімді игеру;
2. Географиядан практикалық тапсырмаларды орындау;
3. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы тақырыптарды игеру.

Сабақтар барысында әр-түрлі youtube видеохостингіндегі «Өрлеу» каналынан видеосабақтар, презентациялар, жұмыс дәптерлері қолданылды.

Нәтижесінде: *Өткен жылғы 8-сынып бойынша химия пәнінен білім қорытындысы бойынша: 52%;*

Биылғы оқу жылындағы 9-сыныптың кіріс кесіндісі бойынша: 48%;

Шығыс кесіндісі бойынша: 50%. Осы сессиядағы білім сапасы 2% өсті.

Алгебра пәнінен 9 - сыныптарға Абышев Т.А. жүргізді. Сабаққа Сыныпта ұйымдасқан сабақтар үш кезеңнен құрылды:

9-сыныпқа алгебра пәнінен екі тақырып, геометриядан екі тақырып өтілді . Оқушылар белсене қатысты, сабақта барлық АКТ және тиімді әдіс тәсілдерді қолдана отырып сабақ жоғары деңгейде өтілді. 9- сынып оқушыларынан шығыс тест тапсырмаларын алынды оқушылар тест тапсырмаларын жақсы орындады.

Нәтижесінде:

Өткен жылғы 8-сынып бойынша алгебра пәнінен білім қорытындысы бойынша: 58%;

Биылғы оқу жылындағы 9-сыныптың кіріс кесіндісі бойынша: 53%;

Шығыс кесіндісі бойынша: 59 %. Осы сессиядағы білім сапасы 6% өсті.

Биылғы оқу жылындағы 9-сыныптың кіріс кесіндісі бойынша: 50%;

Шығыс кесіндісі бойынша: 60 %. Осы сессиядағы білім сапасы 10% өсті.

Физика пәнінен 8, 9 - сыныптарға Әлмеш Бекмұрат (педагог-сарапшы) жүргізді. Жалпы сабақта барлық АКТ және тақырыпты меңгеруге қолайлы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақ жоғары деңгейде өтілді

Нәтижесінде: *Өткен жылғы 8-сынып бойынша физика пәнінен білім қорытындысы бойынша: 51%;*

Биылғы оқу жылындағы 9-сыныптың кіріс кесіндісі бойынша: 50%;

Шығыс кесіндісі бойынша: 51 %. Осы сессиядағы білім сапасы 1% өсті.

Информатика пәнінен 8, 9 - сыныптарға Ә.Өтетілеу (педагог-модератор) жүргізді. Сабақта оқушылар белсене қатысты, сабақта барлық АКТ және тиімді әдіс тәсілдерді қолдана отырып сабақ жоғары деңгейде өтілді.

Нәтижесінде: *Өткен жылғы 8-сынып бойынша физика пәнінен білім қорытындысы бойынша: 62%;*

Биылғы оқу жылындағы 9-сыныптың кіріс кесіндісі бойынша: 55%; Шығыс кесіндісі бойынша: 72 %. Осы сессиядағы білім сапасы 17% өсті.

Қорытынды

Сессия кезінде келесі магниттік мектептер тасымалданып отырды: «Жасыл ауылының негізгі орта мектебі» КММ, «Қарабұлақ ауылының негізгі мектебі» КММ, «Кіндікқарағай ауылының негізгі орта мектебі» КММ, «Обалы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, «Ұрымқай ауылының негізгі орта мектебі» КММ оқушылары интернат жатақханасында жатып оқыды. Әр апта соңында тасымалданып отырды. Қауіпсіздік талаптары сақталып, жаңа автобуспен тасымалдау жасалып, комфорттық сапасы артты.

2.7 Біртұтас тәрбие беру бағдарламасын жүзеге асыру

Тәрбие жұмысының жоспарына сай, оқушылар ұжымымен жұмыс, оқытушылар, ата-аналар, ата-аналар комитетімен жұмыс (“Даналық мектебі” ұйымының жұмысы аясында “Ұл бала-Ұлт болашығы” атты рухани мәдени тәлім сағаты), мектептен тыс әр түрлі мекемелер, қоғамдық ұйымдар, спорт баспасөз орталықтарымен жұмыс, кітапхана, туризм, психологиялық қызмет орталықтарымен біріге отырып жүргізіледі. Ұлттың рухани және интеллектуалды ілгерілеуінің құралы ретіндегі оқылым іс-әрекетіне балаларды және жастарды тарту мақсатында 2020-2025 жылдарға арналған білім беру ұйымдарының «Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» жобаларының үлесі маңызды болмақ. Осы жоба бойынша «Оқу уақыты» енгізіліп, оқушылардың сабақтан тыс бос уақытын тиімді пайдалану жүзеге асырылып отыр.

Мектеп түрлі бағыттағы үйірме секциялары жұмыс жасайды. Үйірме мақсатына сәйкес оқушылардың бос уақыттарын тиімді, қызығушылықтарына сай өткізуді қамтамасыз етеді. Үйірмеге қатысатын оқушылар 2024-2025 оқу жылында да түрлі байқаулардан, спорттық жарыстардан орын алды.

Мектебімізде сынып жеткшілер әдістемелік бірлестігі бар. 2024-2025 оқу жылында 25 сынып жетекшісі жұмыс жасайды. Барлығы да жоғары және орта арнаулы білімі бар педагогтер. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестік кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес түрлі семинарлар, кездесулер, ашық тәрбие сағаттарымен, шебер-сыныптар ұйымдастырады. Жоспарлы түрде «Ата-әжелер», «Мырзалар әкелер клубы», «Асыл аналар», «Асыл жеңгелер», «Ағалар» клубтарының мүшелерімен әңгімелесулер, кездесулер, пікір алмасулар, әртүрлі бағыттағы (психологиялық, медициналық т.б.) бағыттағы кеңестер жүргізіледі. Осындай жобалық тәрбиелік шараларға мектептің психологтары ғана емес, ішкі істер органдарының мектепке бекіткен уәкілі мен қоғамның зиялы өкілдері, балалар гинекологы қатыстырылды. Профилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша 5-11 сынып оқушыларының қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас жасауына, эмоционалдық, тұлғалық аймақ сфераларын, үлкендермен және құрбылармен тепе-тең қарым-қатынастағы дағдыларын дамытуға бағытталған, өмірге құштарлықтарын арттыру бағытында, буллингтің, (кибербуллинг), жат діни ағымдарға ерудің алдын-алу жұмыстары жүйелі, жоспарлы жүргізіліп, желіге жарияланып отыр.

Оқушының сабақтан тыс және бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында тәрбие жұмысының басты ұлттық құндылықтарды бойларына дарыту бағытында және оқушылар арасында теріс діни ағымдардың таралуын қадағалау, құқық бұзушылықтың алдын алу, мектепшілік бақылау, кәсіби бағдар беру, сыбайлас жемқорлықтың алдыналу жұмыстары қарастырылған. Аталған бағыттар бойынша жыл бойы іс-шаралар өткізіліп, есебі, анықтамалары, құжаттары, фотосуреттері жинақталған.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқықтық сананы, құқықтық қатынастарды, белсенді заңды мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін, құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында 1 қыркүйек білім күніне орай «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. Алғашқы қоңырау салтанаты «Отаным менің Қазақстан!» тақырыбындағы алғашқы сынып сағаттарымен жалғасты.

2024 жылдың 7-қыркүйек күні мектеп кітапханасында Ахмет Байтұрсынұлының өмірі таныстырылып, “Тіл тұғыры-ұлт тұғыры” атты кітаптар көрмесі өтті. Мақсаты: өз тілімізді құрметтеуге шақыру, ұлы тұлғалы адамдар туралы мәлімет беру, отаншылдыққа, ел жандылыққа тәрбиелеу. 2024 жылдың қыркүйек күні 9-11 сынып оқушыларына «Еңбегі адал жас өрен» тақырыбында адам бойындағы адалдық, әділдік сезімдерін ұғындыру мақсатында “Адалдық сағаты” атты сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға әділдік, адалдық туралы видеороликтер көрсетілді, сұрақтар қойылды. Мақсаты: Адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру; Адалдық, шыншылдық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету; Адал, шыншыл болуға тәрбиелеу.

Қамтылған оқушылар саны: 50 оқушы. 17.10.2024 күні 5-6 сынып оқушылары арасында «Ел рәміздері – ел рухы» зияткерлік сайысы өткізілді.

«Отаным баға жетпес байлығым» тақырыбында 25 қазан Республика күніне орай

мектебіміздің сынып жетекшілері бірыңғай сынып сағаттарын өткізді.

Мақсаты:оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

16 қазан күні мектеп кітапханасында 25қазан-Республика күніне орай "Менің Отаным-Қазақстан!"атты шара өтті.Мақсаты: оқушылардың патриоттық сезімін ояту, өз елінің Туын,Елтаңбасын,Ән ұранын қастерлеу,тарихын білуге тәрбиелеу.Шара барысында оқушылар постер қорғап, мақал мәтелдерді жатқа айтты.

25 қазан Қазақстан Республикасы күніне арналған «Отаным-баға жетпес байлығым» апталығы аясында 20қазан күні,бастауыш оқушыларының бастауымен мектебіміздің оқушылары арасында челлендж ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларды Тәуелсіз елінің,туған халқының тілін, рәміздерін, мәдинетін, тарихын қастерлеп, саналы азамат болуға тәрбиелеу.Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

19 қазан күні “25-қазан— Республика күніне” орай “Тоғызқұмалақ” үйірмесіне қатысушылары арасында жарыс өткізілді. Мақсаты:спортойыны арқылоқушылардың ақыл-ойын шыңдап, ми қызметін жетілдіру.Оқушы бойында өз бетінше ойлау, математикалық қабілеттірінің артуымен қатар, сабырлылық, төзімділік, ыждахаттылық секілді адамсүйгіштік қасиеттердің қалыптасуына да ықпал ету. Жарыс қорытындысы бойынша белсенді қатысқандар дипломдар мен марапатталды.

Республика күніне орай, «Республикам- мақтанышым!» атты жалпы мектеп ішілік сынып сағаттары өтті. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 2024 жылы 15 –25 қазан аралығында демалыста кітап оқимыз атты іс шара мөткізілді.

8-11 сынып оқушылары арасында "Жасөспірімдер арасында нашақорлық пен темекі шегудің алдын алужәне буллинг пен суицидты болдырмау" тақырыбында ағартушылық бағыттағы дәрістер өткізді.Дәрістің басты тақырыбы –нашақорлықтың алдыналу, зиянды әдеттерден аулақ болу,оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.“Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына түсінік жұмыстары жүргізілді және жадынамалар таратылды. Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру.

"Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық ақпараттық науқаны аясында жоспарға сәйкес мектеп қауіпсіздігі, бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі–балалармен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу мақсатында мектеп мәжіліс залында учаскелік полиция инспекторы Жуманалин Думан Қуандықұлының қатысуымен оқушыларға кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушылардың құқықтық білімдерін дамыту, өз мүдделерін қорғай алатын, өзіндік ұсыныс-пікірлері мен көзқарастарын, ойларын ашық айта алатын, кемел ойлы, елжанды азамат ретінде тәрбиелеу мақсатында ұлдарға шылым, есірткі, нашақорлық салдары жайлы, кешкірейд барысы, тәртіп бұзушылық, құқық бұзушылық, бұзақылық, әлімжеттік, зиянды әдеттер туралы сөз өрбітсе, қыздар арасында қоғамдық жерлерде балағат сөз айтусалдары неге әкеп соқтыратыны жайлы толыққанды ағарту-түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

2024 жылдың 5 желтоқсан Дүниежүзілік еріктілер күніне орай, мектебіміздің «Жарқын» ұйымы және мектебіміздің еріктілері мектеп ауласын қардан тазалайық акциясына қатысты.

2024 жылдың 11 - 15 желтоқсан аралығында, 16 - желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, "Тауелсіздік -тұғырым!" тақырыбында мектепшілік іс-шаралар жоспары құрылды.Жоспарға сай,«Жарқын»мектеп парламентімен "Жас Ұлан"ұйымының мүшелері

«Тәуелсіздік шежіресі» тақырыбында ақпараттық стенд жасақтады.

“Тәуелсіздік-тұғырым”апталығы аясында 2024 жыл 11 желтоқсан күні 1-11 сынып оқушыларына“Тәуелсіздік –тәтті сый” атты челленджер байқауы мен “Тәуелсіздік шежіресі” тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты:Тәуелсіздік жолында күрескен аға-апаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып,оқушыларды ұлт жандылыққа,Отанын сүюге тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктерімен таныстыру.

12 желтоқсан күні мектепалды сыныппен 1-сынып оқушыларына "Тәуелсіздік-тұғырым" атты сынып сағаты өткізілді және видео роликтер челленджіне қатысып жүлделі орындар иеленді. Мақсаты: Еліміздің Тәуелсіздік алу жолындағы ата – бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға - апалардың ерлігін үлгіетіп көрсету. Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.

2023 жыл 13 -желтоқсан күні 9-10-сынып оқушыларына "Тәуелсіз ел-бақытты ел" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: оқушыларға еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін, желтоқсан құрбандары мен желтоқсан оқиғасына қатысқан сол кездегі жастардың ерлігін үлгі етіп көрсету. 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік-тұғырым» атты апталық аясында 13 желтоқсан күні мектеп оқушылары ұстаздарға арнап концерт ұйымдастырды және педагогикалық колледж студенттері 6-8 сыныптарға тағылымды көрініс қойып концерт қойды.

13 желтоқсан күні желтоқсан күні Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында мектеп оқушылары «Жетістігімді еліме арнаймын» атты челлендж ұйымдастырды. Жас әкелерге арналған «Креативті жас әкелер» атты семинар тренинг ұйымдастырылып, жас әкелерге бала тәрбиесінің маңыздылығы туралы тың ақпараттар берілді.

16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік- тұғырым» атты апталық аясында 14-желтоқсан күні аудандық “ Ұлттық өнер-ұрпаққа мұра” тақырыбында қолөнер бұйымдары көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге оқушылардың өзқолдарымен жасаған түрлі қолөнер бұйымдары және картиналар апарып таныстырып жүлделі орындарға ие болды. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 23 желтоқсан күні «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында тақырыптық дебат өткізілді. «Жарық , камера матор!» атты жас мобилографтар аудандық байқауға қатысты.

Жыл соңында мектебіміздің белсенді қатысқан және түрлі мектепшілік, аудандық, облыстық байқаулар, олимпиадалар, жарыстардың жеңімпаздары салтанатты түрде марапатталды.

2024-2025 оқу жылындағы I жарты жылдық бойынша жетістігі

№	Оқушының аты-жөні	Конкурс атауы	Нәтижесі	Жетекші
1	Жүсіпова Хабиба	Аудандық дебат конкурсы	2 орын	Ұ.Рахимжанова
2	Кенжебай Қанат	Аудандық дебат конкурсы	3 орын	Ұ.Рахимжанова
3	Болат Бекзат	Аудандық «АЙБЫН» жарысы	1 орын	Ж.Шайменов
4	Совет Ануар	Аудандық «АЙБЫН» жарысы	1 орын	Ж.Шайменов
5	Сансызбай Мейіржан	Аудандық «АЙБЫН» жарысы	1 орын	Ж.Шайменов
6	Қайыркеш Санат.	Аудандық «АЙБЫН» жарысы	1 орын	Ж.Шайменов
7	Қали Перизат	Аудандық «АЙБЫН» жарысы	1 орын	Ж.Шайменов
8	Султанова Дильназ	Аудандық «АЙБЫН» жарысы	1 орын	Ж.Шайменов
9	Сейфуллин Бекдаулет	Аудандық «АЙБЫН» жарысы	1 орын	Ж.Шайменов
10	Ақсәлей Дина	Аудандық «АЙБЫН» жарысы	1 орын	Ж.Шайменов
11	Әділбекұлы Ерасыл	Аудандық «АЙБЫН» жарысы	1 орын	Ж.Шайменов
12	Тоқан Мұхаммадәмин	Аудандық «АЙБЫН» жарысы	1 орын	Ж.Шайменов
13	Байкешова Жансұлу	Аудандық үстел үсті теннисі	3 орын	Ж.Қожабай

Тәрбие жұмысын қорытындылай келе, жалпы алғанда, мектеп және ұстаздар қауымы алға қойылған міндеттерді орындағанын атап өту керек. Мектеп мұғалімдері балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие процесін шебер басқарды. Барлық оқу-тәрбие іс-шараларын үйлестіру, олардың педагогикалық мақсатқа сай болуы, қажеттілігі мен жеткіліктілігі, жоспарлар мен іс-әрекеттерді үйлестіру мектептің оқу-тәрбие процесінде оң нәтиже берді, бұл әр түрлі жетістіктер деңгейінен көрінеді.

Жоспарланған нәтижелер:

•Түлектің патриот азамат ретіндегі моделі, білімді адам, еркін, мәдени, адамгершілік, өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлға, әлеуметтік жетілу, өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік, жеке тұлғаны

сезіну, қоғамдық тану қажеттілігі, қажетті білім деңгейі. Оқушылар ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін қалыптастырды.

- Оқушылар жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытталған оқушылардың өзін-өзі басқарудың ұжымдық шығармашылық қызметіне белсенді қатысады.
- Тәрбие жұмысының жүйесін тақырыптық кезеңдерге батыру арқылы ұйымның арқасында барынша ашық, қисынды болды; мұндай жүйе тәрбие жұмысының әрбір бағытын іске асыруға бағдарланған.
- Сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігі мен өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасы артты, соның арқасында сыныптардағы тәрбие жұмысының тиімділігі артты.
- Оқу процесінің тиімділігін бақылау жүйесі оқу процесінде болып жатқан өзгерістерді және оларды тудыратын факторларды уақтылы анықтауға және талдауға мүмкіндік береді.
- Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті арттырылды, жұмыс жүйесі ата-аналардың шығармашылық әлеуетін ашуға, Отбасы дәстүрлері мысалында отбасылық тәрбиені жетілдіруге, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін күшейтуге ықпал етеді.

«Біртұтас тәрбие» бағыты бойынша атқарылған іс-шаралар

Құндылықтарға негізделген тәрбие беру-жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты өмір салтын ұстанатын ұрпақ тәрбиесінің жүйесі болып табылады.

Президентіміз атап өткендей, адал ұрпақ тәрбиелеу үшін білім беру ұйымдарында адами құндылықтарға негізделген ұлттық тәрбие бағытында жұмыстар жүргізілуі тиіс. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды. Ал тәрбие ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Білім беру жүйесіне Оқу ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізіліп, қазіргі таңда еліміздің барлық білім беретін мекемелерінде іске асырылуда.

Ұлы Абай: «Бала мінезі үш алуан адамнан жұғады: біріншісі - ата – анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», - деген екен. Отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына ата-ана, ауыл аймағының ықпалы зор. «Отан-отбасынан басталады», - дейді дана халқымыз. Отанды сүю – отбасынан басталатыны рас. Сондықтанда бала тәрбиесінде отбасының беделін арттыру және дәстүрлі отбасылық құндылықтарды нығайту мақсатында мектебіміздегі «Даналық мектебі» жобасына сәйкес «аталар мектебі», «әжелер мектебі», «әкелер мектебі», «аналар мектебі», «ағалар мектебі», «жеңгелер мектебі» жұмысы жүйелі жолға қойылған. Мектебімізде «Даналық мектебінің» жоспарына сәйкес, бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Әкелер мектебінің» ұйымдастыруымен жас әкелерге арналған тренинг **«Әкелердің креативті жиналысы»** іс-шара өтті. Әкелер мен сынып жетекшілері қатысқан шара өте керемет және мазмұнды ұйымдастырылды. Әкелерге білім ошағында атқарылып жатқан тәрбие жұмыстары таныстырылды. Аталмыш іс-шараны ұйымдастырып, өткізугесмарт 4 және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының көмегі көп болды. **Әкем анам және мен**» спорттық сайыс. Мақсаты: Денсаулықты нығайту, қарым-қатынасты жақсарту, командалық рухты дамыту, бір-біріне қолдау көрсету, тығыз байланыста болу.

Әкелермен оқырман сағаты. Мақсаты: Әкелердің қатысуымен оқушылардың кітапқа қызығушылығын арттыру, отбасылық құндылықтарды насихаттау. Тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуде. «Тәрбие-тал бесіктен басталады» демекші, аталарымыз «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет», «Ертегі – танымның көзі» тақырыбында түрлі кітаптар оқып әке мен баланың арасындағы қарым-қатынас күшейді, кітапқа деген қызығушылықтары артты десе болады. Ертегілерді тыңдау арқылы жас буын қазіргі заманда ғаламтор жайлаған зиянды әдеттерден аулақ болуға дағдыланады. Бұл өткізілген маңызы зор іс-шарадан оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіреді деген қорытынды жасауға болады.

8-наурыз Халықаралық аналар мерекесіне орай **«Түрлі түсті кеш»** атты іс-шара өткізілді. Бұл шарада аналарға көңілді уақыт өткізу, бір-бірімен сөйлесіп, жақын болу үшін көптеген қызықты әрекеттер ұйымдастырылды. Мысалы, әртүрлі түстерді ұстанған киімдер мен аксессуарлармен келіп, кештің атмосферасын көркемді етті. Бұл іс-шара тек ана мен бала арасындағы қарым-

қатынасты нығайтуға ғана емес, сондай-ақ аналардың көңіл күйін көтеруге, бір-бірімен жақын болуға мүмкіндік берді.

«Анамен қыз ұрпақ сабақтастығы» атты челлендж ұйымдастырылды аталмыш шараға бастауыш сынып оқушылары аналарымен қатысып, түрлі тағамдар пісіру, ұлттық киімді насихаттау, шаш өру, слт дәстүрлерді мазмұнды көрсете білді. «Анамен қыз ұрпақ сабақтастығы» челленджінің мақсаты — қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрлерін, ана мен қыз арасындағы рухани байланысты нығайту, сондай-ақ, ата-аналар мен ұрпақ арасындағы түсіністікті арттыру. Бұл челлендж арқылы ана мен қыздың бір-біріне деген сүйіспеншілігін, қолдауын және бірлігін көрсету көзделеді. Сонымен қатар, жас ұрпақты тәрбиелеуде ананың рөлін арттырып, қыз баланың болашақта отбасы құрудағы міндеттерін, ана болу жолындағы жауапкершілікті түсіндіру де маңызды мақсат болып табылады.

5 смарт серіктестігінің ұйымдастыруымен **«Аталар өсиеті», «Фотоколлаж», «Атадан қалған тағылым», «Ата мен әже асыл қазына»** атты бейне роликтер, фотоколлаж, байқауы, батамен нақыл сөздер сайсы және зияткерлік сайыс ұйымдастырылды. Жобаның мақсаты — ұрпақтар сабақтастығын нығайту және аға буынның құндылықтарын дәріптеу.

5-11 сыныптардың қыздарына **«Бұрымды қыз»** атты іс шара ұйымдастырылды. «Бұрымды қыз» іс-шарасы — қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін дәріптейтін, қыз балалардың сұлулығын, ұяңдығын және тәрбиелілігін көрсетуге бағытталған мәдени-танымдық іс-шара. Бұл іс-шараның мақсаты — қыз баланың ұлттық болмысын, оның табиғи сұлулығын және адамгершілік қасиеттерін насихаттау, сондай-ақ, қазақ қыздарының бойында сақталатын дәстүрлі құндылықтарды жастар арасында дәріптеу.

Бұрымды қыз байқауы: Қыздардың ұлттық киімде, бұрымдары мен шаш үлгілерімен өнер көрсетіп, байқауға қатысуы. Мұнда олардың қазақы болмысы, әдептілігі, рухани сұлулығы бағаланды. Бұл іс-шараның басты мақсаты — қазақ қыздарының ұлттық құндылықтарын сақтап, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, сондай-ақ, ұлттық тәрбие мен әдептілікті дамыту.

Наурыз айының он күндігі аясында да қазақ халқының даналық мектебін насихаттайтын түрлі іс шаралар ұйымдастырылды. Наурыз мерекесінің он күндігі — бұл қазақ халқының ең маңызды мерекелерінің бірі, жаңа жылдың, көктемнің және табиғаттың жаңаруының символы. Наурыз мерекесін атап өтудің он күндігі барысында ұйымдастырылатын шаралардың мақсаты бірнеше аспектіні қамтиды:

Ұлттық салт-дәстүрлерді жаңғырту: Наурыз мейрамы қазақ халқының тарихи дәстүрлерін, мәдениетіне тән ерекшеліктерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Бұл шаралар арқылы халық ұлттық құндылықтарды ұмытпай, олардың маңыздылығын түсінеді.

Табиғат пен көктемнің жаңаруының символикасын атап өту: Наурыз — табиғаттың жаңаруы, жаңа өмірдің басталуы мен жердің көктеп, жаңару символы. Бұл кезеңде табиғатқа деген сүйіспеншілік пен құрметті нығайту, экологиялық сананы арттыру да маңызды мақсаттардың бірі.

Бірлік пен татулықты нығайту: Наурыз мейрамы — барлық ұлттар мен ұлыстарды біріктіретін кезең. Мереке барысында түрлі этникалық топтардың қатысуымен көпұлтты Қазақстанның бірлігін және достығын нығайту.

Қазақтың мәдениеті мен өнерін насихаттау: Наурыз мейрамы аясында қазақтың халық әндері, би өнері, ұлттық ойындар, қолөнер бұйымдары мен тағамдары кеңінен таныстырылады. Бұл шаралар арқылы қазақ халқының мәдени мұрасы насихатталып, жастарға үлгі көрсетіледі.

Қоғамдық тәртіп пен мәдениетті қалыптастыру: Наурыз мерекесінің он күндігінде адамдар бір-біріне деген сыйластық пен мейірімділікті көрсетіп, қоғамдық ортада ізгілік пен адамгершілік принциптерін ұстануға шақырылады.

Әлеуметтік және рухани жақтан дамуды қолдау: Наурыз мейрамы халықтың рухани байлығын арттыруға бағытталған. Бұл кезеңде адамгершілік құндылықтар, жақсылық жасау, көмек көрсету, мейірімділік пен қайырымдылық идеяларын насихаттау маңызды.

Наурыз мейрамының он күндігі барысында ұйымдастырылатын шаралар:

Ұлттық тағамдар фестивалі, қазақ ұлттық ойындары, шеберлік сабақтар, қайырымдылық жәрмеңкесі, қазақтың ұлттық киімі менің киімім.

Наурыз мерекесі — қазақ халқының мәдениетіне бай, тарихи маңызы зор әрі әрбір адамға қуаныш пен үміт сыйлайтын ерекше кезең.

– Қазақ айтады «Бір жылдығыңды ойласаң егін ек, жүз жылдығыңды ойласаң тал отырғыз, мың жылдығыңды ойласаң ұрпақ тәрбиеле». Жалпы ұстаз бен ата-ананың арасындағы тығыз қарым-қатынас бала өміріне үлкен ықпал ететін ақиқат. Бүгінгі ұстаздар осындай елдің баласын тәрбиелеп, жақсы кірпіштерді қалап жатқан жайы бар«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген. Отанның отбасынан, тәрбиенің тал бесіктен басталарын ескерген ұйымдастырушылар мұндай шаралар легін әрі қарай да жалғастыра бермек.

Сәуір айының жоспарына сәйкес 0,1-сыныптарға «Құстар біздің досымыз» тақырыбында аппликация байқауы, жоғары сыныптарға құстарға ұя жасау тапсырылып, жүзеге асырылды. 18 сәуір күні «Жайдарман -2025» ойын сауық байқауы өтті. Оған 5-10-сыныптар қатысып ,өз өнерлерін көрсетті. 23- сәуір күні дүниежүзілік кітап күніне орай «Құпия сөре» шарасы 11-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел негізінде мектеп кітапханасында өткізілді. Ұйымдастырушы 6б-сыныбы. Сынып жетекшісі Иmekешева К.М

№9 мектеп-гимназиясында оқушылар мектепшілік үйірмеге және қала орталығындағы спорттық , өнер үйірмелеріне қатысады. Жалпы мектеп бойынша оқушыны үйірмемен қамту 2022-2023 жылы 85% болса, 2023-2024 жылы 93 %, ал 2024-2025 жылы 95 % жетті.

Оқу жылы	Үйірмелер саны	% қатысым	Өзгеріс (проценты + или -
2022-2023	37	85	-
2023-2024	39	93	+8
2024-2025	45	95	+2

Білім алушылардың құқықбұзушылық іс-әрекеттері

№9 мектеп-гимназиясында құқықбұзушылыққа қатысты бірнеше кездесулер, семинарлар өтті. 2024-2025 оқу жылында 1 құқықбұзушылық тіркелді.Ол 8ә-сынып оқушысы Жақсыбай Диас. Ол оқушы сабаққа себепсіз келмеуіне байланысты, тексеріс жұмысын жүргізген кезде, ол оқушының көшеде көп жүретіндігі және көшеде қонып қалатындығы анықталып, оны аудандық полиция бөліміне есепке тіркеді.

Оқу жылы	Саны	Құқықбұзушылықтың түрі	Өзгеріс (проценты + или -
2022-2023	0	0	-
2023-2024	0	0	-
2024-2025	1	Сабаққа келмеу	

2.8 Мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш мектепті синхрондау процесін ұйымдастыру

№9 мектеп-гимназиясында "Тәрбие – білім беру процесінің сабақтастығы бойынша мектеп-балабақша өзара іс-қимылы"



тақырыбында мектепке дейінгі топ тәрбиешілері, мектепалды даярлық сынып, бастауыш сынып мұғалімдері қызметінің негізгі бағыттары бойынша оқу жылының басында жоспар құрылып, жоспарланған іс-шаралар белгіленген мерзімде өткізіліп келеді.



Мақсаты: Мектепке дейінгі топ және мектепалды даярлық тәрбиешілері бастауыш мұғалімдерінің арасындағы байланыс қызметінің негізгі бағыттарының сабақтастығын қалыптастыру.

Жоспар бойынша 1 «А» сыныбында әліппе пәнінен «Ш дыбысы мен әрпі» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Бұл іс-шараның мақсаты-мектепалды сынып тәрбиешілерін бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақтарда қолданатын әртүрлі әдістерімен таныстыру.



Ш дыбыстың таңбасы – әріпті тану, дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажырата алды. Ш әрпін дыбыстай отырып, білім алушылар өздігінен заттар мен құбылыстарды сипаттай отырып, салыстыруға қажетті сөздерді қолдана алды. Ашық сабақты Мухамеджанова Сауле Дулатовна өткізді. Сабақтың психологиялық ахуал тудыру кезеңін «vibro» жасанды интелекті арқылы өткізді. Өткен сабақты «қағаз стакан» әдісі арқылы сөздерді оқу арқылы қайталады. Балалар «Сұқ саусақ» арқылы буындардан сөз құрастырды. Жаңа тақырыпты ашу барысында сұрақтар қойылды. Сергіту сәтін музыка мен су толы құмыра арқылы қимыл жасап өткізді. Балалар мұғалімнің айтқанын қайталап отырды. Сабақ барысында оқулықпен жұмыс істеді. Әр берілген тапсырмаларды балалар белсене орындады. Сонымен қатар дәптермен жұмыс жүргізілді. Сәйкестендіру арқылы балалармен топтық жұмысы атқарылды. Ерекше білімді қажет ететін бала да сабақтан тыс қалмады, оғанда тапсырма берілді. «Шынжыр» әдісі арқылы қосымша тапсырма берілді. Балалар өткен әріптерді суреттермен сызық арқылы байланыстырды. Кері байланысты «Жаңбыр тамшылары» әдісі арқылы өткізді. Балалар бағдаршаммен меңгерген білімдеріне кері байланыс жасалды. 1-сыныптың білімі бағаланбайтындықтан белсене қатысқан балаларға «шар» берілді.



Сабақтан көрініс:

Мұғалімдерге арналған шеберлік сыныбы *"Баланың ойын іс-әрекетіндегі жан-жақты дамуы"* тақырыбында мектепке дейінгі тәрбиешілер мен бастауыш сынып мұғалімдерінің балаларды тәрбиелеу бойынша ойларын бөлісуі мақсатында бастауыш сынып мұғалімі А.Оразалинова



өз сабақтарында оқушыларды ойын әдісі арқылы оқытудың тиімділігі бойынша шеберлік сағатымен бөлісті. Психологиялық ахуалды «Отан» өлең жолдарынан бастады. Өткен сабақты қайталау барысында «Қазақстан» картасын пайдаланды. Қазақстан сөзінен сөйлем құратып, тақтаға жазды. Сөйлем түрі анықталды. Жұмбақтың шешуі арқылы жаңа сабақты ашты. Оқушылармен «Ұйқасын тап» әдісі арқылы ойын ойнатылып, оқушылар сабаққа белсене қатысты. Жаңа тақырыптағы мәтінді оқушылар мазмұндап айтты. «Моншақтар» әдісі арқылы жаңа сөз құратып ойнатты. Оқушыларға



«Буындар шуағы» әдісі арқылы сөздерді оқытты. Сергіту сәтінде балаларды бір серігітіп, сабақты әрі қарай топтық жұмыс жүргізілді. Ерекше білімді қажет ететін баламен де жұмыс жүргізілді. Сабақты қорытындылау кезеңін «vibro» жасанды интелекті арқылы өткізді. Кері байланысты



«Бағдаршам» әдісі арқылы өздеріне бағалатты. Қызыл түсінбедім, сары өзім түсіндім, жасыл түсіндім, басқаға көмектесе аламын.

Мектепке дейінгі топтың болашақ түлегі үшін мектепте оқуға, оқи білуге деген ұмтылыстың пайда болу жағдайларын жасау негізінде бастауыш сыныпта әліпбиді меңгертудің тиімді жолдарымен бөлісу мақсатында Алимова К. *"Көңілді әліпби"* бірлескен жобасын ұсынды. Сабақтың психологиялық ахуал тудыру кезеңін «Қос шеңбердегі комплименттер» әдісі арқылы өткізді. Өткен сабақты «SMS-хабарлама» әдісі арқылы қайталады. Балалар «Жәшіктегі сұрақтар» оқып, оның ішінде берілген тапсырмаларды орындап отырды. Жаңа тақырыпты ашу барысында сұрақтар қойылды. Сергіту сәтін ағылшын тілінде санау арқылы өткізді. Балалар мұғалімнің айтқанын қайталап отырды. Сабақ барысында оқулықпен жұмыс істеді. Әр берілген тапсырмаларды балалар белсене орындады.. Сонымен



қатар дәптермен жұмыс жүргізілді. Сәйкестендіру арқылы балалармен топтық жұмысы атқарылды. Ерекше білімді қажет ететін бала да сабақтан тыс қалмады, оған да тапсырма берілді. «Жақсылық тамшысы» әдісі арқылы қосымша тапсырма берілді. Балалар суреттен сөйлемдер құрастырды. Кері байланысты «Фишбоун» әдісі арқылы өткізді. Балалар «Табыс ағаш» арқылы меңгерген білімдеріне кері байланыс жасалды.

"Біз не істей аламыз?"

мектепке дейінгі ұйымдардағы мұғалімдер мен ата-аналарға арналған жиналыс болды. Балаларды біздің мектепте оқытудың тиімді жақтарын, педагогтердің шеберлік қабілеттерін таныстыру мақсатында өткізілді. Даярлық топ мұғалімдері Ташенова А.Х және Есиркепова Б.Ж. ата – аналар жиналысын «Біз баланы мектепке дайындаймыз. Бұл нені білдіреді?» тақырыбында өткізді. **Мақсаты:** Баланы мектепке дайындаудың маңызын, олардың



ерекшеліктерін меңгерту. Мектеп өмірімен таныстыру. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіншілігін тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, педагог үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету. Жиналыс «Табан ізі» әдісі өзін таныстыру арқылы басталды. Ата-аналар су құйылған құмыраның ішіндегі сөздерді оқу, оны қима қағаздан тауып киіз үйдің шаңырағы ретінде тақтаға жапсыру. «Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы» тақырыбында баяндама оқыды. Одан кейін «Баланың көзімен» суреттің ішінен өз балаларын тапты «Тіл өнері» кезеңінде мақал-мәтелдің жалғасын тапты, яғни мұнда қай ата-ана бірінші қол көтереді, сол кісі жауап берді. Берілген тапсырманы орындап

болғаннан кейін тақтадағы сурет бойынша қорытынды шығарылды. Жиналыс жоғары деңгейде өтті.

№9 мектеп-гимназиясында балабақшамен өзара бірлескен іс-шаралар өткізіліп тұрады. Соның бірі «Ақбота» балабақшасымен бірлескен шара өткізілді.

Мақсаты: Мектепке дейінгі топ балаларын бастауыш мектепке дайындау бойынша бірлескен жұмыс іс-шараларын ұйымдастыру. Жоспар бойынша 1 «А» сыныбында математика



пәнінен «Сатып алу және ақша қайтару» тақырыбында кіріктірілген ашық сабақ өткізілді. Монеталармен есептерді шығара отырып, білім алушылар өздігінен білімді игере алды. Кіріктірілген сабақты Алимова Қ.С. Қорғанбаева А.Қ және Комеева өткізді. Сабақтың психологиялық ахуал тудыру кезеңін үш тілде өткізді. Өткен сабақты «Әмиян» әдісі арқылы қайталады. Балалар әмиянды таңдай отырып, оның ішінде берілген тапсырмаларды орындап отырды. Жаңа тақырыпты ашу барысында сұрақтар қойылды. Сергіту сәтін ағылшын тілінде санау арқылы



өткізді. Балалар мұғалімнің айтқанын қайталап отырды. Сабақ барысында оқулықпен жұмыс



істеді. Әр берілген тапсырмаларды балалар белсене орындады.. Сонымен қатар дәптермен жұмыс жүргізілді. Сәйкестендіру арқылы балалармен топтық жұмысы атқарылды. Ерекше білімді қажет ететін бала да сабақтан тыс қалмады, оған да тапсырма берілді. «Қолтырауын ауызы» әдісі арқылы қосымша тапсырма берілді. Балалар монеталардан



теңсіздіктер құрастырды. Кері байланысты «Таразы» әдісі арқылы өткізді. Балалар гир тас арқылы меңгерген білімдеріне кері байланыс жасалды. 1-сыныптың білімі бағаланбайтындықтан белсене қатысқан балаларға «Купюра» қағаз ақша берілді.

Сонымен қатар 3 «А» сыныбында Н.Тастенбекова, З.Жанайдарова математика сабағынан «**Табиғат аясында демалу**» тақырыбында кіріктірілген



ашық сабақ өткізілді. Психологиялық ахуалды «Біз қандаймыз?» өлең жолдарын қимылмен көрсетті. Өткен сабақты қайталап өтіп, сабаққа ыналандару барысында «Сиқырлы қобдиша» ойынын өткізді. Ақиқат жалған пікірлерді айтып шықты. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы жаңа сабақты ашты. Оқушылармен жұптық жұмыс



істеу барысында әртүрлі тапсырмалар берілді. Сонымен қатар топтық жұмысында «Голту» әдісімен жүргізілді. Оқушыларға шатқал туралы мәліметтер беріліп, бейнежазба көрсетілді. Сергіту сәтінде балаларды бір серігітіп, сабақты әрі қарай топтық жұмыс жүргізілді. Ерекше білімді қажет ететін баламен де жұмыс жүргізілді. Сабақта қорыта келе, оқушыларға постер қорғатты. Білім алушылар табиғат аясында демалу мәдениетін сақтау ережесін құрастырды. Кері байланысты «Керуен» әдісі арқылы өткізді. Әр тапсырмадан кейін формативті бағалау жүргізіліп, сабақ соңында оқушыларды бағалады. **"Біз не істей аламыз?"** мектепке дейінгі ұйымдардағы мұғалімдер мен ата-аналарға арналған ашық есік күні болды. Балаларды біздің мектепте оқытудың тиімді жақтарын,



педагогтердің шеберлік қабілеттерін таныстыру мақсатында өткізілді. Балаларды мектепке дайындауда мектепке дейінгі топ пен отбасының міндеттерін тұжырымдау мақсатында ұйымдастырылды. **«Баланың ой іс – әрекетіндегі жан – жақты дамуы»** атты шеберлік коучингті бастауыш сынып мұғалімдері Уалиева Гүлнар Мейрамбековна, Касенова Лаззат Қуанышбайқызы және Каркенова Мария Сайлауовна өткізді. **Мақсаты:** Балабақша тәрбиешілеріне заманауи білім берудің әдіс - тәсілдері туралы мәліметтер алуға жағдай жасау. Коучинг 4 бөліктен тұрды, әр бөліктің тапсырмаларын тәрбиешілер орындап, өз ойлары айтып, тәжірибелерімен



бөлісті. Даярлық топ мұғалімдері Ташенова А.Х және Смайыл Н.Б. ата – аналар жиналысын **"Біз баланы мектепке дайындаймыз. Бұл нені білдіреді?"** тақырыбында өткізді. **Мақсаты:** Бала тәрбиесіндегі мектеп мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Мектеп өмірімен таныстыру. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіншілігін тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, педагог үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету. Жиналыс «Достық» тренингі атты шаттық шеңберден басталды. Ата-аналар орты шығып шеңбер болып дөңгеленіп тұрып, лентаны ұстап, аты-жөнін, мамандығын айтып, бір-біріне деген жылы лебіздерін білдірді. **«Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы»** тақырыбында баяндама оқыды. Одан кейін ата – аналармен «Мен қандаймын?» тренинг ойыны ойнатылды. Ата-аналар «Гүл», «Үй», «Күн» тобы болып 3 топқа бөлінді. Әрқайсысы сол суретің ішіне отбасы мүшелерін және өздерінің есімдерін жазды. Нәтижесінде: егер өзіңіздің есімдеріңізді басына жазсаңыз. Сіз өзіңізді отбасы мүшелерінен биік санайсыз. Өзіңіздің жағдайын бірінші ретке қоясыз. Ал, егер өзіңіздің есіміңізді ортасына қойсаңыз, онда сіз отбасыңыздың ортасындасыз. Екі жақты бірге ойлайсыз. Егер есіміңізді соңына жазсаңыз. Онда сіз бауырмал жансыз. Ата-ана, бауырларыңыз бірінші ретте тұрады. Өзіңізді соңынан ойлайды екенсіз деген түсініктер берді. Келесі ойын «Серіппелі доп» ойыны. Допты лақтыра отырып, сұрақтарға жауап алынады. Ата-аналар ортаға дөңгеленіп тұрады, жүргізуші допты лақтыра отырып, сұрақтарға жауап береді. «Тіл өнері» кезеңінде мақал-мәтелдің жалғасын тапты, яғни мұнда қай топ бірінші қол көтереді, сол топ жауап берді. Жиналыс жоғары деңгейде өтті.

Балабақша балалары мен даярлық сынып балаларының арасында «Көңілді старт» бірлескен спорттық іс – шара болды.



